

## «Зияткер» мамандандырылған мектеп-лицейі

### Қамқоршылық кеңес отырысы

#### Хаттама № 2

Өткізілген уақыты: 25.12. 2023 жыл

Отырыстың басталуы: 18.00 сағ.

Отырыстың аяқталуы: 18.50 сағ.

Қатысканы: қамқоршылық кеңестің мүшелері -7

#### Күн тәртібінде:

1. Бірінші жарты жылдық бойынша оқушылардың үлгерім сапасы;
2. Мектеп асханасына бракераждық комиссиямен бірлескен тексеріс жасау;
3. Жаңа жылдық іс-шараға атсалысу

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Омиржанова А.С., сөз алып, «Оқу үрдісінде озық технологияларды енгізе отырып, сапалы білім, саналы тәрбие беру» мектептің оқу-тәрбие жоспары да осы мақсаттарды іске асыруға бағытталған. Барлық мұғалімдер құрамына, жоғары санатты, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модераторларға тоқталып, таныстырып өтті. Мектеп жыл басында қанша оқушымен бастау алғаны, 11 сынып комплектісі, 5-9 сыныптар, 10-11 сыныптардың оқушы санына тоқталды.

Мектептің оқу жоспары ҚР-ның жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының негізінде жасалынды. ҚР жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарына сәйкес мектептің жоғарғы сатысында оқыту жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жүргізіледі. Оқушылардың білім сапасын салыстыру кестесімен таныстыру жұмысы жүргізілді. Кестенің мәліметтеріне сәйкес, білім берудің барлық деңгейлерінде үлгерім мен білім сапасын жақсарту жұмыстарын жандандыру қажет етеді. I жарты жылдық қорытындысы

бойынша: үздік оқушылар , жақсы оқитын оқушылар, үшпен оқитын оқушылар санын айтып өтті. Мұғалімдер мен оқушылардың жетістіктеріне де тоқталып өтті. Сонымен қатар, I жартыжылдықтағы өткен апталықтарға тоқталды.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Басымбекова А.Ж., Бракераж комиссиясының жұмыс жоспарына сәйкес мектеп асханасында ай сайын бракераж комиссиясының мүшелерімен бірге тексеру жүргізілді. Тексеріс нәтижесінде акт құрылды. Жұмыс жоспарының негізінде:

Бақылау таразысы жүргізілді: барлығы нормаға сәйкес. Комиссия мүшелері балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетінін атап өтті. Тамақтандыру: асхананың кіре берісінде кезекші мұғалімдер болатыны, кезекші мұғалім тамақ ішер алдында қолды жуу керек екеніне назар аударады. Асханада балаларға арналған орындар жеткілікті. Комиссия тамақтандыру бөлімшесіне де кіріп тексереді, бұзушылықтар анықталған жоқ. Үстелдер таза сүртілген, үстелдерді жууға арналған арнайы керек-жарақтар пайдаланылған, ас құралдарының тазалығына күмәнданбаған, табақтар таза, сынықсыз. Технологиялық процестің сақталуын бақылау мақсатында пісірілген тағамдардың әрбір партиясынан күнделікті үлгі алынады. Күнделікті үлгіні медбике Т.Е. Чередник алады. Күнделікті ас мәзірі бекітілген.

Үшінші мәселе бойынша жана жылдық іс-шараға атсалысу бойынша қамқоршылық кеңес мүшелері қарсылық таңытқан жоқ.

Шешім:

- 1.Қамқоршылық кеңес мүшелерінің мектепішілік, іс-шараларға қатысуын қадағалау.
- 2.Мектептегі жұмыстарға үнемі қол көмектерін беріп отыруды қадағалап отыру.

3. Оқушылардың өздігінен білім алу дағдысын толық қалыптастыру;

Кеңес төрайымы

Кунарбекова М.М.



Хатшы



Ксан А.С.

Мүшелері:

Жакупова Бакыт Майдановна



Садыкова Гулниет Багдатовна



Шакирова Диана Буркитовна



Касенова Карина Кайратовна



Жуматова Рауаш Алтаевна



Искакова Толкын Нұрақымовна

